

Облыс әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 28 наурыздағы N 72 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 25 сәуірде N 1580 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 24 тамыздағы N 213 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005.08.24 N 213 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 27 бабының 2 тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңының 28 бабына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің кейбір қаулыларына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) облыстың коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға және мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүліктерді есептен шығару тәртібі жөніндегі Нұсқауды бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 178 қаулысына (тіркеу нөмірі 1050, 2003 жылғы 7 қарашадағы, 2003 жылғы 24 қарашадағы " Солтүстік Қазақстан", 2003 жылғы 24 қарашадағы "Северный Казахстан" газеттерінде жарияланған):

көрсетілген қаулымен бекітілген Нұсқауда: барлық текст бойынша "Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі департаменті" сөзі "(облыстық маңызы бар қала, аудан) облыс әкімдігімен облыста мемлекеттік коммуналдық меншікті басқаруға өкілдік берілген атқарушы орган" сөзімен ауыстырылсын;

6 тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

Баланстық құны айлық есептеу көрсеткішінен 500 есе жоғары қозғалмайтын мүлік объектілерін, көлік қаражатын және мүлікті есептен шығаруды облыс әкімдігімен облыста мемлекеттік коммуналдық меншікті басқаруға өкілдік берілген атқарушы органмен келісілгеннен кейін жүргізіледі;

2) "Мемлекеттік коммуналдық мүлікті жалға беру Ережесін бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 95 қаулысына (тіркеу нөмірі 499, 2002 жылғы 14 қаңтардағы, 2002 жылғы 29 қаңтардағы "Северный

Казахстан", 2002 жылғы 8 ақпандағы "Солтүстік Қазақстан" газеттерінде жарияланған) :

көрсетілген қаулының 2 тармағында "Коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі Солтүстік Қазақстан облысының департаментіне" (Ибраев) сөзі "Облыс әкімдігімен облыста мемлекеттік коммуналдық меншікті басқаруға (облыстық маңызы бар қала, аудан) өкілдік берілген атқарушы органына" сөзімен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ережеде:

"Коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі Солтүстік Қазақстан облысының департаменті" сөзі "облыс әкімдігімен облыста мемлекеттік коммуналдық меншікті басқаруға (облыстық маңызы бар қала, аудан) өкілдік берілген атқарушы орган сөзімен ауыстырылсын;

3 тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын

"Коммуналдық меншік объектілерін кейін сатып алу құқымен жалға беру туралы әрі шешімді қабылдау айрықша облыс әкімдігімен облыста мемлекеттік коммуналдық меншікті басқаруға өкілдік берілген атқарушы органына беріледі".

2. Осы қаулы Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі